

### Сыртқы аудитор туралы ақпарат

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2019 жылғы 4 наурыздағы шешіміне (№10/19 хаттама) сәйкес «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның (бұдан әрі – ҚМГ) 2019-2021 жылдардағы шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым болып «Эрнст энд Янг» ЖШС (бұдан әрі – Сыртқы аудитор) айқындалды.

2019-2021 жылдардағы қаржылық есептілік аудиті бойынша көрсетілетін қызметтерді ұзақ мерзімді сатып алу жөніндегі 2019 жылғы 19 сәуірдегі №237-27 Шарттың (бұдан әрі – Шарт) сомасы ҚҚС-ты есепке алғанда 1 268 132 мың теңгені құрайды және аудиторлық қызметтер көрсетуге байланысты барлық шығыстарды қамтиды, оның ішінде жылдар бойынша:

- 2019 жыл – 407 346 мың теңге;
- 2020 жыл – 421 951 мың теңге;
- 2021 жыл – 438 835 мың теңге.

**2019 жылы Сыртқы аудитор көрсеткен аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер туралы ақпарат:**

№	Сыртқы аудитор көрсеткен қызметтердің атауы	Қызметтердің құны, ҚҚС-сыз, мың теңге
		2019 жыл
1	Есепті кезең үшін тоқсан сайынғы шолуларды қоса алғанда, ҚМГ және оның барлық деңгейдегі еншілес ұйымдарының шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігінің аудиті бойынша шығыстар	1 857 440
2	Аудиторлық емес қызметтер	
2.1	Инвестициялау объектісі туралы кешенді тексеру (Due Diligence)	110 074
2.2	Орнықты даму туралы есепті верификациялау жөніндегі консультациялық қызметтер	21 583
2.3	4400 «Қаржылық ақпаратқа қатысты келісілген рәсімдерді орындау бойынша тапсырмалар» Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес көрсетілген ілеспе қызметтер	13 164
2.4	Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша заңнаманы қолдану және салық есебін жүргізу мәселелері бойынша консультация беру, трансферттік баға белгілеу бойынша құжаттарды дайындау, салық шығындарын бағалау	4 928
	<b>ҚМГ және оның барлық деңгейдегі еншілес ұйымдарының аудиторлық емес қызметтері бойынша шығыстар ЖИЫНЫ</b>	<b>149 749</b>
3	Аудиторлық емес қызметтердің үлесі, %	<b>8,1%</b>